

## Орман қоры жерлерінің жекелеген участеклерін елді мекендер жерлері санатына ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 13 қыркүйектегі № 688 қаулысы

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 130-бабына, 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес жалпы ауданы 59,6 гектар жер участекі Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының аумағында орналасқан "Шығыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Марқакөл орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – мекеме) орман қоры жерлері санатынан елді мекендер шекараларының (шектерінің) өзгеруіне байланысты елді мекендер жерлері санатына ауыстырылсын.

2. Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен орман алқаптарын орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін оларды алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы өндірісінің шығынын респубикалық бюджет кірісіне өтесін және алынған сүректі көрсетілген мекеменің балансына бере отырып, аланды тазарту жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министри

A. Мамин

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2019 жылғы 13 қыркүйектегі  
№ 688 қаулысына  
қосымша

## Орман қоры жерлері санатынан елді мекендер жерлері санатына ауыстырылатын жерлердің экспликациясы

Жер пайдаланушының атауы	Жалпы ауданы, гектар	оның ішінде:			
		орман көмкерген	ауыл саз	өзге жерлер	
1	2	3	4	5	6
"Шығыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "	59,6	2,21	47	0,26	10,13

Марқакөл орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі						
Жиыны:	59,6	2,21	47	0,26	10,13	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК